# МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ
## 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫ
## Білім мекемесі: Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі

| ЖЫЛДЫҚ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **№** | **Іс-шараның атауы** | **Мақсатты аудитория** | **Қатысқан оқушылар саны** | **Фото есеп** | **Сілтеме** |
| 1. | Тәуелсіздік күні қарсаңында Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі балалар өкілдері "Тәуелсіздік - тұғырым" челленджі | 1-11 сыныптар | 1200 |  | https://www.instagram.com/tv/CXOMnxploz5/?igsh=MWJhdzZtYTNjeWZxMQ== |
| 2. | 21.10.2021жылы «Қазақмыс» корпорациясының ұйымдастыруымен "Гүлденген аллея" акциясы аясында мектеп-лицей «Көшбасшы» ұйымы мен мектеп бітіруші түлектер мектеп ауласына🏡 50 түп ағаш отырғызды.<br><br>Бұл акцияның мақсаты - қаламызды көгалдандырып, жасыл желек санын көбейту арқылы бүгінгі таңда жаһандық проблемаға айналып отырған экологияны жақсартуға ат салысу, жастарды еңбек және экологиялық тәрбиеге баулу. | 1-10 сыныптар | 105 |  | https://www.instagram.com/p/CVVdmWysFFS/?igsh=MW5pajNwY2YwaGVtdw== |
| 3. | Мектеп-лицейімізде 11 "А" сынып оқушыларының ұйымдастыруымен 8-11сыныптар арасында «Ең таза және эстетикалық талғамға сай сынып» атты тазалық акциясы өтті.<br><br>Негізгі мақсаты: оқушыларды тазалыққа, еңбекке баулу, «Қоршаған ортаның таза болуы, өз ортаңның таза болуынан басталады" деген идеологияны түсіндіру🏵️<br><br>Акцияға барлық сынып оқушылары белсенділік танытты. Нәтижесінде I орынды 9 «Г», II орынды 8 «Ә» және III орынды 10 «А» сынып оқушылары иеленді. | 8-11 сыныптар | 263 |  | *https://www.instagram.com/p/CXYj5DBs2OU/?igsh=d2tsbzRpcXNoNXU3* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | 28.12.2021<br>ANTI BACK PACK DAY<br>«Мектеп Паралменті» ұйымы мерекелік апта қарсаңында мектеп-лицей оқушыларына тематикалық күн ұсынады<br>Бұл шара мақсаты: қорытынды ББЖБ,ТЖБ жұмыстарына толы аптадан кейін мерекелік көңіл күй сыйлау. Оқушылардың креативтілік қабілеттерін дамыту.Батыл идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік беру | 2-11 сыныптар | 1985 |  | https://www.instagram.com/p/CX_FX5IM8Fe/?igsh=NXI0Z3B1Znk5Nm9l |
| 5. | «Мектеп Парламенті» командасы жаңа жылдық демалысқа арналған шытырман оқиғаларға толы фильм және мультфильмдер топтамасын ұсынады<br><br>• “Полярлық экспресс” (Полярный экспресс)<br>• “Гринч Рождествоны қалай ұрлады?” (Гринч — похититель Рождества)<br>• “Үйде жалғыз қалғанда” (Один дома)<br>• “Рождество алдындағы сұмдық оқиға” (Кошмар перед Рождеством)<br><br>• “Хәрри Поттер және пәлсапа тас” (Гарри Поттер и философский камень)<br>• “Аяз атаның құпия қызметі” (Секретная служба Санта-Клауса)<br>• “Last Christmas” (Рождество на двоих)<br>• “Рождество оқиғасы” (Рождественская история)<br>• “Клаус” комментарийде өзіңнің топтамаңмен бөліс | 1-11 сынып | 920 |  | https://www.instagram.com/p/CYUETnhsZnz/?igsh=bDU0aHpnaWRhbjFp |
| 6. | 24.02.2022 ж.Мектеп-лицейімізде қаржылық сауаттылық апталығы аясында "Мектепшілік жәрмеңке" тематикалық күні өтеді (І ауысым)<br>Мақсаты: оқушылардың мектеп кезден бастап сату/сатып алу және қаржылық сауаттылықтарын дамыту, іс жүзінде тәжірибе жинау.<br>Оқушылардың маркетинг,адамдармен коммуникация,екі жақты | 1,4,8-11 сыныптар | 352 |  | https://www.instagram.com/p/CaRiM64s7t4/?igsh=dGkwbXpnbHM3bGt1 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келісім орната алу қабілеттерін дамыту. | | | | |
| 7. | Қаржылық сауаттылық апталығы аясында “Мектеп Парламенті” командасы ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары арасында “Бизнес START” жобалар байқауы өтеді.<br><br>Мектеп-лицейіміздің стартаперлары мен бизнес иелерін және бизнес әлеміне үлкен жоспары бар оқушыларды байқауға қатысуға шақырамыз. | 8-11 сыныптар | 163 |  | https://www.instagram.com/p/CaRjMywMA-2/?igsh=bWxpczRnMjI2OGts |
| 8. | Мектеп-лицейіміздің Instagram парақшасында жақын арада алғаш рет “Менің локерімде не бар?” инста рубрикасы бастауын алмақ.<br><br>Сондықтан, 09.03-14.03 аралығында 8-11 сынып оқушылары арасында локер(шкафчик) безендіру жұмысы басталады. Толығырақ ақпаратпен каруcельді жылжыта отырып,танысып шық<br><br>Мақсаты: қарбаластыққа толы апта қарсаңында оқушыларды сергіту. Мектеп тынысына жаңа дем сыйлау. | 8-11 сыныптар | 351 |  | https://www.instagram.com/p/Ca2S9IMs5s0/?igsh=eHAybmZyeG0wc2hu |
| 9. | 11.03.2022 ж. «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару командасымен кездесу өтеді<br><br>Егер де, мектеп-лицейіміздің ішкі тынысына байланысты үздік ұсыныстарың немесе шешімі табылмаған сұрақ/мәселелерің болса, міндетті түрде кездесуге қатыс. Өз сауалыңды қой! | 5-11 сыныптар | 506 |  | https://www.instagram.com/p/Ca2TPsjsN2I/?igsh=dmJqcnc2bGF1Yzlo |
| 10. | 12.03 күні 8-11 сынып оқушылары арасында жанды дауыста дара музыканттар кеші өтеді.<br><br>Бұл іс-шарада өз өнерін еркін түрде көрсетуге болады. Шектеу жоқ.<br><br>Кештің басты мақсаты оқушылармен бірге көңіл көтеріп, демалу және қызықты естеліктер қалдыру. Ән айту немесе аспапта | 8-11 сыныптар | 326 |  | https://www.instagram.com/p/Ca4p4MQMBBi/?igsh=MTR3ZW85ZmtoejRqcg== |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнау басты қағидат, ал өлең таңдау мен стилистика секілді заттар өз еріктеріңізде! Толығырақ ақпаратты "Мектеп Парламенті" ұйымынан білуге болады. | | | | |
| 11. | Өзіңнің жарқын идеяларыңмен бөліскін келеді ме? Ауқымды тақырыптарға дара ұсыныстарын бар ма? Ендеше өз баяндаманды TEDx Talks конференциясында паш ет! Себебі, «СЕНІҢ ИДЕЯҢ ТАРАТУҒА ЛАЙЫҚТЫ»✨<br>Баяндама тақырыбына шектекеу жоқ<br>15.03 күні 13:00 де мәжіліс залында кездескенше.<br>Қызық болса, ұсынысынды био дағы сілтеме бойынша білдір | 8-11 сыныптар | 56 |  | https://www.instagram.com/p/CbCpErjMwzc/?igsh=bWJuOWQ1ajU1ZXVt |
| 12. | Қазақтың ұлттық киімдерін дәріптеу мақсатында мектеп-лицейімізде 15.03 күні басталатын "Ұлттық киімдер күніне" белсенді ат салысуға шақырамыз📎<br><br>«Ең әдемі киім – ұлтының киімі», - деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сыяпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген.<br><br>Мектеп формасының үстінен ұлттық киім киіп келу немесе қазақтың әшекей бұйымын тағып келу арқылы қазақ мәдениетінің дәріптелуіне өз үлесіңізді қоса аласыз. | 1-11 сыныптар | 1122 |  | https://www.instagram.com/p/CbFVGuVsyEX/?igsh=MWJrM210NW5zcm8yZA== |
| 13. | “Ұлы күні Ұлыстың, Келді Наурыз-жыл басы!” апталығының қорытындысы | 1-11 сыныптар | 1352 |  | https://www.instagram.com/tv/CbSQGtil_cA/?igsh=MWg3djNnZTZvaTF1ZQ== |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14. | Парақшамыздағы жаңа айдар - “40 және 5 сұрақ”.<br>Бастысы 45 сұраққа тез, әрі шынайы жауап беру.<br>Бұл айдар мектеп оқушыларына, ұстаздарға, ата-аналарға және инста оқырмандарға айдар қонағын (бұл мектептегі кез-келген адам болуы мүмкін) жақынырақ, жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.<br>Ал, айдарымыздың алғашқы қонағы-мектебіміздің директоры Күлпаш Байзадақызы | 4-11 сыныптар | 586 |  | https://www.instagram.com/tv/CbU2M7ilT9k/?igsh=MWwxY2YwNWx1amx5Ng== |
| 15. | 29.04 күні “Мектеп Парламенті” командасының ұйымдастыруымен 1-4 сынып оқушыларына арналған “Рәміздер - елдігімнің белгісі” атты іс-шара өтті.<br>Халқымыздың болашағы - бүгінгі ұрпағы.<br>Патриотизмге баулудың жарқын үлгісі ретінде - жас ұрпаққа мемлекеттік рәміздердің құндылығын сезіндіру, патриоттық сана сезімді дамыту мақсатында оқушылармен пікір алмастық | 1-4 сыныптар | 385 |  | https://www.instagram.com/tv/CdBcf8ClmKE/?igsh=MXR5YnUwdDVzNW04OA== |